

Қазақстанның ең үздік жоғары оқу орындарының рейтингі

29 мамыр күні Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындары қауымдастығының жалпы жиналысы өтіп, онда Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындарының бас рейтингінің 2006-2007 жылдардағы қорытындысы бойынша еліміздің 60 жоғары оқу орнына Білім және ғылым министрлігінің Аккредитациялық орталығының куәлігі салтанатты түрде табыс етілді.

Қазақстан Республикасының БҒМ Ұлттық аккредитациялық орталығы 2006 жылдан бастап биыл екінші рет халыққа дұрыс шешім қабылдауға көмек ретінде (абитуриенттер мен олардың ата-аналарына, жұмыс берушілерге, халықаралық ұйымдарға) жоғары оқу орындарын сапасына қарай іріктеу жұмысын жүргізді. Мұндай әділ іріктеуден өткізу жоо-лар арасындағы бәсекелестікті дамытып, білім

беру сапасын жақсартуға бастамақ.

Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық аккредитациялық орталығы бағалаудың шарттары мен өлшемдерін белгілеуде, ақпарат жинау мен оны қорытуда, жоғары оқу орындары берген мәліметтердің шындыққа сайлығын тексеруде, т.б. ауқымы зор жұмыстар атқарды.

Жоғары оқу орындарының кешенді қызметінің сапасы үш тәуелсіз санат бойынша анықталды:

— біріншіден, жоо-ның академиялық ресурстары, оның ішінде студенттердің сапалық құрамы; профессор-оқытушылар құрамының сапалық құрамы; жоғары оқу орындарының ғылыми-зерттеушілік пәрменділігі; оқу үдерісінің қаржыландырылуы мен оған кететін шығындар көлемі; талапкерлерді қабылдаудағы іріктеу барысы мен студенттердің оқу үлгерімдері; жоғары оқу орнының әлеуметтік-мәдени негіздері; халықаралық ынтымақтастықтың деңгейі.

— екіншіден, осы жоғары оқу орнында оқитын студенттердің, білім беретін оқытушылардың ішкі бағалаулары.

— үшіншіден, қоғам мүшелері-

нің, жұмыс берушілердің, орталық және аймақтық атқару органдарының, ірі, орта, шағын компания өкілдерінің жоғары оқу орнының сапасын бағалаулары.

Қазақстанның 160 жоғары оқу орнының ішінен қатаң іріктеуден 60 жоғары оқу орны ғана өтті. Осы 60 жоғары оқу орнының арасынан 2007 жылдың бас рейтингінде бірінші орынды Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті иеленді. Одан кейінгі орындар Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің, Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің, М.О.Әуезов атындағы ОКМУ мен Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дің еншісінде.

Мамандарды дайындау бағытында іріктелген 2007 жылдың бас рейтингінде тағы да Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ көш бастайды.